

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы «Философиялық ғылымдар» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Аманкүл Темур Оралбайұлының «**Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар**» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензент, PhD докторы Бағашаров Күдайберді Сабыржанұлының

ШКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарамалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұранысымен) байланысы.

Қазақстан тарихындағы 1920-1950 жылдар кезені бетбұрысқа жетелеген түбегейлі қоғамдық-саяси өзгерістерімен ерекшеленді, әсіресе ислам діні коммунистік идеологияның күрсауында қалып, қоғамдық үдерістерге бейімделудің ұзақ әрі күрделі эволюциясынан өтті. Кеңестік биліктің ұдайы және қатаң бақылауы, тоталитарлық жүйенің исламға деген ұстанымы халық санасынан дінді толықтай ығыстыруға бағытталды. Кеңестік биліктің дәстүрлі қазақ мәдениеті мен исламға қатысты саясаты екі бағытта өрбіді. Біріншіден, елімізде медреселер мен мешіттер күштеп жабылды, жалпы дінге деген атеистік көзқарастар басым болды, екіншіден, діни коннотацияға ие дәстүрлер өткір сынға алынды, діни мерекелерді тойлауға тыйым салынды, қажылыққа баратын діндарларға қысым жасалды, исламға немқұрайлы қарайтындардың саны көбейді.

Мемлекет пен діннің арақатынасына қатысты ұстанымын большевиктер 1918 жылы 20 қаңтарда жариялаған «Шіркеуді мемлекеттен мектепті шіркеуден бөлу туралы» Жарлықта көрсетті. 1920 жылдарға дейін мемлекет дінге қатысты бейтарап саясат ұстанғанына қарамастан, кейінгі жылдары тіпті дін туралы айтуға қатаң тыйым салынды. Халық Комиссариаты мен оның Қазақ КСР-дегі өкілдіктері жанынан құрылған Мұсылман Социалистік Комиссариаты ислам дінін ұстанатын адамдарды социалистік идеяларға тартты.

Осы тұрғыда Аманкүл Темур Оралбайұлының «**Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар**» атты диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан тарихы мен руханиятындағы күрделі құбылыстардың бірі – Кеңестік биліктің исламға деген саясатын тарихи деректер мен фактілер негізінде талдауға, діни және ұлттық санада орын алған трансформацияларды зерделеуге, ұлттық сана мен тұрмыстағы мұсылмандық криптодіндарлық элементтерін айқындауға, кеңестік дәуірдегі исламдық білім беру жүйесінің ахуалын зерттеуге арналады. Диссертанттың зерттеу жұмысында мәселенің теориялық және әдіснамалық негізі, тарихнамалық аспектілері және деректік талдауы жасалды. Бұрын соңды ғылыми айналымға тартылмай келген деректердің негізінде Кеңестік биліктің исламға, жалпы дінге қарсы

қабылдаған заңдары жүйелі түрде зерттеліп, олардың жүзеге асырылуының тетіктері ғылыми түрде сараланды.

Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесінің жағдайына арнайы бөлім арналған. Диссертант Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚР ОММ), Өзбекістан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ӨР ОММ)-ның материалдарын пайдалана отырып, 1920-1950 жылдары мектептер мен медреселерде қызмет еткен имамдардың, мүдәрістердің, сондай-ақ халық арасында беделді ишандардың жалпы діни қызметкерлердің тағдырын айқындаған. Диссертациялық жұмыста зерделенген мәселелердің қатарында Қазақстанда орнатылған большевиктік биліктің исламға қарсы бағытталған үгіт-насихаттық жұмыстар мен осы саясатқа наразылық сипатында орын алған ұлт-азаттық көтерілістеріндегі діни элементтер мен факторлар, алғышарттар мен себептер сарапталып, талданады. Кеңестік биліктің алғашқы жылдары Қазақстандағы діни қызметі Уфа діни басқармасына қаратылса, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Ташкент діни басқармасына тәуелді етілді, қажылық мәселелері мен имамдардың ислам дінін сақтаудағы сақтық әрекеттері, осыған байланысты қуғын-сүргінге ұшырауы мен кейінгі жылдардағы діни қызметтері отандық және шетелдік мұрағат құжаттарын салыстырып зерттеу негізінде ұтымды ғылыми талдаулар жасалған.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының өткен тағдырын зерттеу бойынша көптеген жұмыстар атқарылды, атап айтқанда «Мәдени Мұра» бағдарламасы шеңберінде бір қатар ғылыми еңбектер жарық көрді. Сонан соң 2018 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты көлемді мақаласында «Архив - 2025» бағдарламасы қабылданды. 2017 жылдың 20 маусымында 2017-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының діни саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Бұл тұжырымдама мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жақсарту, мемлекеттің зайырлы негіздерін нығайту және дінді деструктивті мақсатта пайдаланудың алдын алу туралы ресми көзқарастар жүйесі болып табылады. Сондықтан Аманкүл Темур Оралбайұлының диссертациялық зерттеу жұмысы аталған бағдарламалардың шеңберінде әзірленген кешенді зерттеу болып табылады деуге толық негіз бар. Себебі диссертациялық жұмыста көлемді мұрағат құжаттары пайдаланылды, олар өзара салыстырылып, Қазақстанның 1920-1950 жылдардағы исламның қоғамдағы рөлі айқындалды. Бұл өз кезегінде тәуелсіз еліміздің исламға және жалпы дінге деген ұстанымын айғақтайды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.

Докторанттың таңдаған ғылыми зерттеу жұмысы қоғамдық ғылымдар өкілдері – тарихшылар мен философтар тарапынан сол заманның идеологиялық ұстанымы тұрғысынан зерттеліп келді, алайда Аманкүл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» атты диссертациясы бұрын-соңды ғылыми айналымға еңбеген тың мұрағаттық деректерді салыстыра саралай отырып, мәселені жаңа қырынан

талқылауымен ерекшеленеді. Өйткені, кеңестік жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарының басым бөлігіне ғылыми объективтіліктен гөрі таптық-партиялық ұстаным мен идеологияланған методология тән болды. Оған қоса КСРО ыдырағаннан кейін мұрағаттық материалдар көп жылдардан бері «аса құпиялы» белгісімен зерттеушілердің назарынан жырақ қалды. Тәуелсіздік жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары болса, Қазақстанның белгілі бір аймағымен шектелген. Ал докторант Аманқұл Темур Оралбайұлы диссертациялық жұмысы тұтас Қазақстанды қамтитын кешенді әрі көп зерттелмеген тың тақырып болып табылады.

Докторант өзінің зерттеу жұмысында дәйекті алты нақты жаңалыққа қол жеткізіп, дербес ғылыми тұжырымдар жасаған:

1 - ғылыми нәтиже. Диссертациялық жұмыста бұрын сонды пайдаланбай келген Қазақстан, Өзбекстан және Ресейдің мұрағаттарының жаңа деректері өзара жіктелген, олардың шынайылығы анықталды, исламтану мен дінтану саласының теориялық-әдіснамалық аясы кеңейтілді. 1920-1950 жылдардағы Қазақстанның діни ахуалына қатысты жаңа тұжырымдамалар жасалып, халықтық діндарлықтың тұрпаты мен мазмұны айқындалды. Бұл өз кезегінде зерттеліп отырған кезеңнің тың жаңалығы болып табылады.

2 - ғылыми нәтиже. Тақырыпқа қатысты кеңестік, отандық және шетел тарихнамасы жан-жақты талданып, мәселенің хронологиялық шеңбері анықталып, сипатталды. Диссертант Кеңестік биліктің Қазақстандағы исламға қатысты ұстанымын мұрағат деректері мен қабылдаған заңдарын саралай келе аймақтардағы жергілікті биліктің исламға қарсы саясатын айшықтаған. Әрине, бұны салыстырмалы түрде тың жаңалық деп бағалауға болады.

3 - ғылыми нәтиже. 1924 жылы Қазақ АКСР құрылған кезде еліміздегі ұлттық элита мен діни қызметкерлерге қарсы кеңестік биліктің ұстанымы қатая түсті, құғын-сүргін саясаты күшейді. Большевиктік билікке қарсы халықтық бас көтерулер белең алды, оларға дін қайраткерлері мен исламға берік қарапайым халық өкілдері жетекшілік етті. Осыған орай, диссертант кеңестік биліктің саяси-идеологиялық күресінің әдіс-тәсілдерін талдай отырып, халық наразылығының діни аспектілерін, саяси күрестегі діни факторлардың орны мен рөлін тұжырымдайды. Сол себепті бұл нәтижені салыстырмалы түрде тың жаңалық деп бағалауға болады.

4 - ғылыми нәтиже. Ф. Голощекин басқару жылдарында еліміздегі исламға қатысты саясаты саяси-экономикалық қайта құруларға байланысты бүркемеленіп жүргізілсе, Л. Мирзоян дәуірінде Қазақстандағы діни жағдай күрт өзгеріп, коммунистік идеология даму шыңына жеткен, атеистік көзқарастар белең алды. Осыған байланысты ашаршылықтың шарпыған жалдары коммунистік биліктің исламға қатысты саясаты біркелкі бәсеңдеді. Диссертациялық жұмыста аталған мәселелердің ішкі мазмұны нақты мұрағат құжаттары негізінде сипатталып, халықаралық факторлардың әсері айқындалған. Исламның діни құрылымдарының қызметі мен рөлінің

жандануының себептері сипатталған. Сондықтан бұл жаңалықты тың деп нық сеніммен айтуға болады.

5 - ғылыми нәтиже. Кеңестік биліктің халық арасында коммунистік идеологияны насихаттауы мен күштеп енгізуіне қарамастан, еліміздегі дін қайраткерлері, ишандары мен ахундары, имам-молдалары қоғамдық санада шариғаттың негізгі талаптарының сақталуына сүбелі үлесін қосқанын диссертант нақты мұрағат құжаттары негізінде дәлелдеген. Диссертацияда айқындалған бұл үдерістерді тың жаңалық деуге толық негіз бар.

6 - ғылыми нәтиже. Зерттеліп отырған дәуірдің қазақ зиялылары мен діни қызметкерлері исламды ұлттық-мәдени өмірдің қажетті бөлігі деп санағандығы, олардың осы діннің мәдени, гуманистік және ұйымдастырушы сипатын өркендетуге ұмтылғандығы, қазақ халқының күнделікті өмірде діни рәсімдерді сақтап, тарихи-өркениеттік қасиеттерін айқындайтын өзіндік ерекшеліктерінің бар екендігін диссертант сыни сараптаудан өткізді. Бұны салыстырмалы түрде жаңалық деп бағалауға болады.

Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыстың материалдары дінтанушыларға, тарихшыларға, исламтану саласы мен басқа да мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын мамандарға пайдалы болып табылады. Диссертацияның негізгі ережелері мен тұжырымдарын Қазақстан Республикасы Дін істері департаменттерінің қызметкерлері, исламтану мәселелерімен айналысып жатқан мамандар, Кеңес үкіметінің 1920-1950 жылдардағы исламға қарсы саясатына қызығушылық танытқан кең ауқымды зерттеушілер пайдалана алады. Зерттеу материалдарының практикалық маңыздылығы да жоғары, өйткені бұл материалдарды гуманитарлық ғылымдар мен пәнаралық зерттеулерде, оқулықтар мен оқу-құралдарын әзірлеуде, ал алынған нәтижелерді Қазақстанның ЖОО-ның дәрістерінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі. Диссертант зерттеу жұмысында пайдаланған мұрағаттық қорлар мен тақырыпқа тікелей қатысы бар негізгі нормативтік және заңнамалық актілерін, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының материалдарын, Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының Орталық мемлекеттік мұрағаттарының материалдарын, Облыстық мұрағаттарынан алынған деректерді, 1920-1950 жылдардағы имамдар мен ишандардың, жалпы діни қызметкерлердің жеке істерін, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының деректерін ғылыми айналымға өзара салыстырмалы түрде тарта білген. Аталған мұрағаттардан алынған материалдарды қазіргі отандық және шетелдік авторлардың ғылыми жұмыстарымен саралап, кешенді әрі дербес ғылыми тұжырымдар жасаған, сол себепті диссертанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің дәйектілігі мен шынайылық дәрежесі күмән тудырмайды.

Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы. Ізденуші Аманкүл Темур Оралбайұлының диссертациялық жұмысында Кеңестік биліктің исламға қарсы ұстанған саясатын тұжырымдауда герменевтикалық және феноменологиялық секілді дінтанулық тәсілдерге жүгінуінің арқасында зерттеудің тұтастылығы мен ішкі бірлігі жүйеленген. 1920-1950 жылдары Кеңес үкіметінің Қазақстандағы діни саясатының хронологиясы мен тарихи үдерісі, сондай-ақ теориялық-әдіснамалық аспектілері өзара үйлесімді, ішкі логикалық сараптамалары және деректемелік негізі толыққанды талданып берілген. Диссертацияның тұтас мақсаты мен әрбір тарауда қойылған міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, қол жеткізілген нәтижелері нақтылығымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны. Диссертациялық жұмыс дербес орындалған және өзекті зерттеу болып табылады. Жұмыстың ішкі логикалық құрылымдары мен мұрағаттық материалдары толыққанды жіктеліп негізделген және нақты ғылыми тұжырымдалған. Зерттеу жұмысының мақсаты мен ішкі мазмұны дәйектілік және жүйелілікпен ерекшеленеді. Ізденуші диссертациялық жұмыста заманауи әдістерін кең қолдану мен алуан түрлі дереккөздерді терең талдау арқылы Кеңестік биліктің исламға деген ұстанған саясаты нақты ашылған. Жұмыстың бұл құрылымы зерттелетін мәселелердің тұжырымдалуымен және зерттеу пәнінің ерекшеліктерімен байланысты. Ғылыми зерттеудің құрылымдық бөлімдері бір-бірімен өзара байланысты.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер. Аманкүл Темур Оралбайұлының диссертациялық жұмысы толыққанды ғылыми зерттеу болып табылады. Дегенмен диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны мен тұтастылығына нұқсан тигізбейтін жекелеген кемшіліктер кездеседі. Сондықтан төмендегі ескертпелер мен ұсыныстар жасаған жөн:

1. Диссертациялық жұмыста техникалық қателер мен кейбір жерлерде сөйлем саптауының кемшілік тұстары байқалады. Олар жұмыстың негізгі мазмұнына әсер етпейді. Бірақ диссертациялық жұмыстың ішінара сөйлемдерін тағы бір рет қарап жөндеу қажет деп санаймын.

2. Екінші тараудың «Ислам дініне қарсы үгіт-насихаттық жұмыстар» деп аталатын бөлімінде айқындалған деректерді жүйелеп, тұтас берілгені дұрыс деп санаймын. Себебі Қазақстанның түпкір аймақтарында атеистік үгіт-насихаттық жұмыстарды жергілікті халық арасынан таңдалған коммунистер жүргізді. Қазақтың «іштен шыққан жау жаман» деген мақалына сүйенсек, діни қызметкерлерге қарсы жұмыс жасап, олардың тізімін «халық жауы» деп беріп отырған осы коммунистердің нақты аты-жөндері мен іс-әрекеттері диссертациялық жұмыста берілгенде, еңбекті құны одан сайын арта түсетін еді.

3. Жұмыстың «1920-1950 жылдарында Қазақстандағы кеңес үкіметі және умма» деп аталатын үшінші тараудың бірінші бөлімінде билік пен умма арасындағы байланыстары сипатталған. Қазақстанның 1937 жылғы халық

санағының тетіктері қарастырылып, Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында И.Сталиннің тапсырмасымен Қазақстанның Дін істері Ташкентке қаратылды. Соғыс аяқталған кезде бірқатар дін адамдары қажылыққа барып қайтты. Осы тұста Қазақстаннан қажылыққа баратындардың тізімі мен үкімет арасындағы пікір-таластар айқындалғанда жұмыстың құны артатын еді.

Диссертациялық жұмыстың ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Аманқұл Темур Оралбайұлының **«Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар»** тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны мен рәсімделуі ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық деп санаймын.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының
аға оқытушысы, PhD докторы**

Қ.С. Бағашаров

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасының
аға оқытушысы, PhD докторы
Қ.С. Бағашаров
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки научных кадров КазНУ им. алы
Р.Е. Кудайбергенова